

**"Сот сараптамасы: ұйымдастырылуы және жүргізу " пәні бойынша ХҚФ,
Халықаралық құқық мамандығының
4 курс бакалавриаттарына арналған қорытынды емтихан
бағдарламасы Оқытушы – Апенев С.М.**

ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАНДЫҚ БАҚЫЛАУ

Емтиханды өткізу нысаны – оффлайн платформасында жазбаша.

Билеттерді Универ жүйесі арқылы деканның Оқу-әдістемелік және тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары жасайды.

" Сот сараптамасы: ұйымдастырылуы және жүргізілуі " пәні бойынша емтиханды сәтті тапсыру үшін студент:

- өткен бағдарламаға сәйкес оқыту курсы мұқият зерделеу;
- курс тақырыптары бойынша қосымша әдебиеттерді зерттеу;
- сот сараптамасының сұрақтарына жауап беру үшін ұғымдық және терминологиялық аппаратпен жұмыс істеу;
- сұрақтарға жауаптың анықтығын қаматамасыз ету үшін заңның ережелеріне сүйену ;
- берген жауапқа сенімділігін көрсету үшін әкімшілік құқықтық ережелерді келтіре отырып жауабын негізделген түрде беру;
- сот сараптамасы бойынша сот, тергеу органдары анық бір шешім қабылдайтындықтан балама жауаптарды өз шешімі ретінде келтірмеу.

Емтихан өткізу ережелері.

Жазбаша емтихан бейнекамерасы бар аудиторияда өткізіледі.

Емтиханды бастамас бұрын студент келу парағында көрсетілген орынға отырады. Емтиханға жауапты дайындау уақыты 2 сағат. Жауапты дайындау кезінде заңдарды, оқулықтарды, дәріс материалдарын пайдалануға, өзге студенттерден сұрауға рұқсат етілмейді. Бұл ережелерді бұзған студент емтихан тапсыру аудиториясынан шығарылады және емтихан тапсырылмаған болып саналады.

Билетте 3 сұрақ болады. Қорытынды бақылау сұрақтары міндетті түрде сабақтың барлық түрлерінде (дәрістер,

практикалық, БМӨЖ) қарастырылатын тапсырмаларды, сондай-ақ аралық бақылауға берілген сұрақтарды қамтиды.
Емтихан тапсыру уақытында сыртқа шығуға рұқсат етілмейді.

Бағалау саясаты. Қорытынды бақылау (емтихан) - 100 балл. Бағалау келесі схема бойынша жүзеге асырылады:

1 сұрақ - 33 балл

2 сұрақ - 33 балл

3 сұрақ - 34 балл.

Емтиханды өткізу кестесі.

Емтихан бекітілген кестеге сәйкес өткізіледі, ол туралы студенттерге хабарланады.

Баллдар Универ АЖ-дегі қорытынды ведомоске қойылады. Жазбаша

емтихан үшін аттестаттау ведомостына балл қою уақыты-24 сағат.

Емтихан үшін сұрақтары берілетін пән тақырыптарының тізімі

1. Сот сараптамасының түсінігі.
2. Сот сараптамасының заты, объектілері мен міндеттері.
3. Сот сараптамасын топтастыру.
4. Сот сараптамасын тағайындаудың ұйымдастырушылық мәселелері. Қазақстан Республикасының сараптамалық мекемелері.
5. Сот сараптамасын тағайындаудың процессуалдық мәселелері.
6. Сот сараптамасын жүргізу күдіктінің, жәбірленушінің және куәның құқықтары мен міндеттері
7. Сот сараптамасына қатысушылардың процессуалдық құқықтары.
8. Сот сараптамаларын жүргізудің әдістемелік негіздері.
9. Құжаттар бойынша сот сараптамасы.
10. Трасологиялық сараптама
11. Қарулар бойынша сот сараптамасы

12. Жол көлік уақиғалары және көлік құралдары бойынша сот сараптамасы.
13. Дәстүрлі емес криминалистикалық сараптамалар және олар бойынша шешілетін міндеттер
14. Сот-экономикалық сараптамасы және оның түрлері.
15. Өрт-техникалық сараптама
16. Сараптаманың дәстүрлі емес түрлері және олардың сипаттамасы

Оқу әдебиеттері

1. Сот сараптамасы қызметі туралы ҚР 2017 жылғы 10 ақпандағы № 44-VI Заңы.
2. Мырзаханова М.Н. Сот сараптамасы. Оқу құралы. –Көкшетау 2021. -131 б.
3. Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік Кодексі. 2014 ж 4 шілдеде қабылданылған.
4. Шакиров К.Н., тапалова Р.Б. Судебная экспертиза в Республике Казахстан: организация и производство. Учебно-методическое пособие. –Алматы: Қазақ университеті, 2012.
4. «Қылмыстық істер бойынша сот сараптамасы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының № 12 қаулысы. 26.11. 2004.
5. Әпенев С.М., Айдарбаев С.Ж., Шәкіров К.Н. Қазақстан Республикасының және шет елдердің қылмыстық процессуалдық құқығы. Жалпы және Ерекше бөлімдері. Сотқа дейінгі өндіріс. 1 кітап -Алматы, 2016.
6. Еркенев С.Е., Шакенов А.О. Сот экспертологиясы. Оқу құралы. –Қарағанды, 2021. -176 б.

ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУДЫ КРИТЕРИАЛДЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН РУБРИКТОР

**Пәні:Сот сараптамасы: ұйымдастырылуы және жүргізу. Деңгейі: бакалавр дәрежесі. Формасы: Формасы:
Жазбаша емтихан. Платформа: АЖ «Универ».**

	Таксономия Блума		Критерий Балл	Өте жақсы	Жақсы	Қанағаттанар лық	Қанағаттанарлықсыз	
				90-100%	70-89%	50-69%	25-49%	0-24
1.	Білім	1 сұрақ (30 ұпай)	Қорытынды бағалауда қарастырылған тақырыптарға қатысты іргелі ұғымдар мен принциптерді нақты түсінгенін көрсету.	Нюанстар мен байланыстарды қоса алғанда, тақырыптың ерекше түсінігін көрсетеді.	Тақырыпты терең және мазмұнды түсінетіндігін көрсетеді.	Негізгі пәннің негізгі түсінігін көрсетеді.	Тақырыпты түсіндіруде қиналады және түсінуде олқылықтар көп.	Тақырыпты ең аз немесе мүлдем түсінбейтінін көрсетеді
2.	Түсіну	2-сұрақ (30 ұпай)	Қорытынды бағалау кезінде талқыланған негізгі идеяларды, тақырыптарды немесе мәселелерді түсіндіру арқылы ақпаратты түсіндіру және қорытындылау.	Күрделі ақпарат пен түсініктерді терең және түсінікті түсіндіре отырып, ерекше қорытындылар береді.	Негізгі идеяларды нақты түсінуді көрсете отырып, ақпаратты тиімді түсіндіреді және синтездейді.	Адекватты түсініктеме бере отырып, ақпаратты іргелі деңгейде түсіндіреді.	Ақпаратты тиімді түсіндіру және қорытындылау қиынға соғады.	Ақпаратты дұрыс түсіндіре алмайды немесе қорытындылай алмайды
3.	Қолдану	3-сұрақ (40 ұпай)	Пәнге қатысты нақты өмірлік мәселелерді немесе сценарийлерді шешу үшін алған білімдерін қолдану.	Ерекше практикалық дағдыларды көрсете отырып, күрделі өмірлік мәселелерді шешу үшін білімді дәйекті түрде қолданады.	Практикалық есептерді шешу үшін білімін сауатты қолданады.	Білімді белгілі бір дағдымен қолданады, бірақ мәселені шешуде тереңдік болмауы мүмкін.	Мәселелерді шешу үшін білімді қолдануға тырысады.	Есептерді шешу үшін білімді қолдана алмайды